



*«Мұқарали - сырлы әлем»*



**JECTIVE HUB**

*таныстырылды*



# БҚУ-да жаңа оқу ғимараты

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде заманауи талаптарға сай салынған жаңа спорт сарайының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Жалпы аумағы 1386 шаршы метрді құрайтын екі қабатты спорт кешені білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жоба болып табылады.



Жаңа спорт нысаны студенттердің дайындығын жетілдіруге арналған жаттығу алаңы ғана емес, сонымен қатар болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдері мен спорт саласының мамандарын даярлауға арналған оқу-тәжірибелік база ретінде қызмет етеді. Кешеннің іске қосылуы университеттің білім беру процесін практикалық бағытта дамытуға мүмкіндік береді.



Салтанатты шараға Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев, Орал қаласы әкімінің орынбасары Арсен Ғұбашев, БҚО мәслихатының төрағасы Мұрат Мұқаев, сондай-ақ ардагер ұстаздар, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, студенттер мен спорт саласының өкілдері қатысты.

Университет ректоры Нұрлан Серғалиев өз сөзінде жаңа спорт кешенінің ашылуы жастардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал ететінін атап өтті. Оның айтуынша, заманауи инфрақұрылым студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға және оқу процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ашылу рәсімі барысында символикалық лентаны университет ректоры Нұрлан Серғалиев, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы Мұрат Мұқаев және облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев бірге қиды.

Облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев өңірде спорт инфрақұрылымын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Бұл ретте университетіміздің маңызы зор. Өйткені дәл осы нысандарда тәрбиеленген спортшыларды әрі қарай жетілдіру біздің мамандарға артылған,- дейді Қ.Меңдіғалиев.

Жаңа Спорт сарайының құрамына көпфункционалды спорт залы, ауыр атлетика аймағы, күрес, бокс және гимнастика залдары, сондай-ақ жалпы дене дайындығына арналған арнайы кеңістік кіреді. Бұл студенттерге әртүрлі спорт бағыттары бойынша сапалы жаттығу жүргізуге мүмкіндік береді.

Мамандардың пікірінше, жаңа спорт кешенінің ашылуы — студенттердің денсаулығын нығайтуға, білім сапасын арттыруға және өңірдің спорттық әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды қадам.

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЗДЕСУ

Махамбет университетінің студенттері «Отбасы банк» өкілдерімен қаржылық сауаттылық мәселелерін талқылады. Қазіргі таңда қаржылық жүктеменің артуы және қаржы қызметтерінің цифрлануы жағдайында жастардың жеке қаржысын тиімді басқару дағдыларына ие болуы аса маңызды. Осыған орай, іс-шара барысында банк мамандары студенттермен тәжірибелік маңызы зор ақпаратпен бөлісті.

Кездесу аясында келесі тақырыптар қамтылды:  
 -депозит, несие, бюджет жоспарлау және қаржыны дұрыс бөлу сияқты негізгі ұғымдар;  
 -жинақ қалыптастыру және банк өнімдерін ұтымды пайдалану қағидаттары;  
 -қаржылық қауіпсіздік және алаяқтық әрекеттерден қорғану жолдары;  
 -жастарға арналған тиімді ипотекалық бағдарламалар.  
 Кездесудің басты артықшылығы – ұсынылған ақпараттың практикалық бағыттылығы. Қатысушылар жеке бюджетті жоспарлау, қаржылық мақсат қою және саналы қаржылық шешім қабылдау бойынша маңызды білім алды.



# МОБИЛЬНОСТЬ КАК ДВИЖУЩАЯ СИЛА

Опыт академической мобильности - это не просто учеба за рубежом, это проверка на прочность, школа адаптации и мощный рывок в профессиональном развитии.

Для Арсена Иденова студента 3-курса ОП Экономики и менеджмента таким рывком стал 5-й семестр, проведенный в стенах Высшей Школы Экономики (WSG) в городе Быдгощ, Польша.

Цель Арсена была четкой: не просто увидеть Европу, а исследовать экономику Польши, её культуру и студенческую жизнь, чтобы привезти этот опыт в Казахстан. Выбор пал на WSG из-за прикладного характера обучения - преподаватели вуза являются действующими консультантами крупных корпораций, обучающими студентов на реальных кейсах.

В Польше обучение Арсена проходило в мультилингвальной среде на трех языках: английском, русском и польском. Программа «Туризм и бизнес» позволила глубоко изучить логистику, маркетинг польских компаний и методы привлечения потребителей.

Одним из самых ярких моментов мобильности стала организация Дня Независимости Казахстана в Польше. Также, он побывал в Швеции, в других

городах Польши.

За свою активность, стремление к знаниям и дисциплину Арсен Иденов был награжден сертификатами и именным рюкзаком от университета WSG. Он вернулся в Казахстан не просто студентом, а исследователем с багажом знаний в области маркетинга, управления и межкультурной коммуникации.

Для будущих потоков студентов Арсен оставляет важный совет: не бояться исследовать новые горизонты, быть дисциплинированными и всегда анализировать мир вокруг себя. Академическая мобильность - это шанс увидеть, как живут и работают другие, чтобы сделать свою страну лучше.

**А.Б. ЕГЗАЛИЕВА,**  
старший преподаватель ОП Бизнес,  
управления и туризма



## Тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілуде

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде Бизнес, басқару және туризм білім беру бағдарламасының оқытушылары - э.ғ.д., профессор А.И.Гиззатова, э.ғ.к., доцент А.А. Ерниязова, э.ғ. магистрі А.Қ. Турниязова, аға оқытушы В.У. Чудрова - 2025–2026 оқу жылының 9-24 ақпан аралығында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті базасында академиялық ұтқырлық аясында тәжірибе алмасу мақсатында дәріс және семинар сабақтарын өткізуде.

Іссапар барысында оқытушыларды Экономика және құқық факультетінің деканы, ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Қ.М. Утепқалиева, сондай-ақ Экономика, Менеджмент, Бухгалтерлік есеп және Қаржы білім беру бағдарламаларының кафедра меңгерушілері жылы қарсы алып, университеттің оқу-ғылыми инфрақұрылымымен таныстырды. Қонақтар ғылыми кітапхана қорымен,

арнайы жабдықталған оқу кабинеттерімен және білім беру мен ғылыми қызметті ұйымдастыру тәжірибесімен танысты. Аталған академиялық ұтқырлық бағдарламасы жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, тәжірибе алмасуға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

**А.Қ. ТУРНИЯЗОВА,**  
Бизнес, басқару және туризм БББ  
оқытушысы, э.ғ. магистрі

## Мәдениет және өнер саласындағы кәсіби серіктестік

Мәдениет және өнер саласындағы кадр даярлау сапасын арттыру, білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру және жұмыс берушілермен кәсіби серіктестікті нығайту мақсатында Мәдениет және өнер факультетінде «Мәдениет және өнер саласындағы кәсіби серіктестік» тақырыбында жұмыс берушілердің қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Іс-шараға мәдениет, өнер және білім беру мекемелерінің басшылары, әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер мен оқу орны өкілдері қатысты. Дөңгелек үстел аясында жұмыс берушілер мен сала жетекшілері өз салалары бойынша мазмұнды баяндамалар жасады. Пікір алмасу барысында жұмыс берушілердің ұсыныстары талқыланып, білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша бірқатар нақты шешімдер қабылданды. Аталған дөңгелек үстел мәдениет және өнер саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға, оқу орны мен жұмыс берушілер арасындағы кәсіби серіктестікті одан әрі дамытуға бағытталған маңызды алаң болды.

**Р.Ж. КУАНШАЛИЕВА,**  
Мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары



# Өмір, ғылым және музыка үндестігі

2003 жылы ғылыми ізденісін жалғастыру мақсатында аспирантураға түсіп, 2009 жылы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде педагогика ғылымдары бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 2010 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. 1994 жылдан 2026 жылға дейін Ольга Александровна М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде үздіксіз еңбек етіп, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларының жетекшісі қызметтерін абыроймен атқарып келеді. Оның педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары музыкалық-теориялық пәндер мен жалпы фортепианоны оқытуға арналды. 38 жылдан астам педагогикалық тәжірибесі бар ғалым-ұстаз осы уақыт ішінде музыка өнері мен педагогика саласында көптеген білікті мамандарды даярлады. Ол оқу үдерісіне заманауи оқыту әдістері мен инновациялық технологияларды енгізу арқылы музыкалық білім берудің сапасын арттыруға зор үлес қосты. Ольга Александровнаның ғылыми-зерттеу еңбектері Батыс Қазақстандағы музыкалық білім беру тарихын зерделеуге, музыкалық педагогикадағы инновациялық технологияларды дамытуға және өңірдің мәдени мұрасын сақтауға бағытталған. Оның еңбектерінде музыкалық білім беру үдерісінің қалыптасу тарихы, балалар музыка мектептері мен өнер мектептеріндегі авторлық инновациялық технологиялар, сондай-ақ қазақ және орыс халықтарының мәдени өзара байланысы мен тарихи жады мәселелері кеңінен қамтылған. Ғалымның зерттеулері халықаралық және республикалық ғылыми басылымдар мен конференция материалдарында жарияланып, ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды. Бұл еңбектер музыкалық білім беру мәселелеріне кешенді көзқарасты, заманауи білім беру технологияларын қолданудың маңызын және аймақтық мәдени бірегейлікті сақтаудың өзектілігін айқын көрсетеді. Ольга Александровна кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіруге ерекше көңіл бөледі. Ол білім беру сапасын қамтамасыз ету,

Мәдениет және өнер факультетінің қабырғасында көрнекті педагог, ғалым, музыка өнерінің жанашыры Ольга Александровна Бабенконың 60 жылдық мерейтойына арналған «Өмір, ғылым және музыка үндестігі» атты салтанатты мерекелік кеш өтті. Бұл айтулы дата кемелдік пен парасаттың, кәсіби шеберлік пен мол өмірлік тәжірибенің биік белесі екені шара барысында ерекше атап өтілді. Ольга Бабенко - Батыс Қазақстан өңіріндегі музыкалық білім беру мен педагогикалық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым-педагог. Ол 1982 жылы Орал музыка училищесін тәмамдап, кәсіби музыкалық білімнің берік негізін қалады. 1997 жылы Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан өнер институтын аяқтап, музыкалық-педагогикалық қызметін тереңдете түсті.



оқу нәтижелерін бағалау, қашықтан оқыту әдістемесі, білім берудегі менеджмент, жалпы фортепиано, музыкатану, сондай-ақ халықаралық жобалар аясында педагогикалық әлеуетті дамыту бағыттары бойынша бірқатар біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Бұл оның заманауи педагогикалық тәжірибелерді оқу үдерісіне тиімді енгізуіне кең мүмкіндік берді. Қазіргі таңда орындаушылық өнер саласындағы мамандарды даярлау білім беру бағдарламасының жетекшісі ретінде көптеген дарынды студенттердің қалыптасуына ықпал етуде. Оның шәкірттері бүгінгі күні елге танымал өнер иелері атанып, ұстаз еңбегінің жемісін көрсетіп келеді. Салтанатты кеш барысында университеттің ғылыми

жұмыстар жөніндегі проректоры, география ғылымдарының кандидаты Қажымұрат Мақсұтұлы Ахмеденов, сондай-ақ университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Салауат Абайұлы Қажиахметов құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесінің кәсіби біліктілігі, адами қасиеті мен ұжымдағы зор беделін ерекше атап өтті.

Кеш көркін Ольга Александровнаның талантты шәкірті, вокалдық өнер мамандығының түлегі, облыстық академиялық филармонияның солисі Тарас Жауынбаевтың орындауындағы әсерлі ән аша түсті. Сонымен қатар Мәдениет және өнер факультетінің деканы Қарлығаш Рахымқызы Қажымова, әріптестері мен достары жүрекжарды

лебіздерін білдірді.

Студенттер үшін Ольга Александровна тек оқытушы ғана емес, нағыз тәлімгер, шабыт беруші, кәсіби адалдықтың жарқын үлгісі екені ерекше атап өтілді. Кеш барысында түлектердің бейнеқұттықтаулары мен музыкалық нөмірлер ұсынылып, мерекелік көңіл күй одан әрі жалғасын тапты.

Шара соңында сөз алған мерейтой иесі көрсетілген құрмет пен ықылас үшін алғысын білдіріп, шәкірттері мен әріптестеріне жылы лебізін арнады. Бұл тағылымды әрі әсерлі кеш Ольга Александровна Бабенконың саналы ғұмыры мен енегелі ұстаздық жолына көрсетілген зор құрметтің айқын көрінісі болды.

## Ұлттық музыкалық өнер мен білімге сүбелі үлес

Гүлзада Бақытқалиқызы – Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының түлегі, 1991 жылдан бері үздіксіз М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қызмет атқарып келе жатқан тәжірибелі педагог. Отыз бес жыл уақыт ішінде ол орындаушылық өнер саласында көптеген шәкірттер тәрбиелеп, факультетте студенттердің қазақ халық аспаптар оркестрін құрды. Аталған шығармашылық ұжым студенттердің кәсіби және шығармашылық деңгейін арттыруға зор үлес қосып, университет пен облыс көлемінде өткізілетін мәдени-рухани шараларға белсенді қатысып келеді. Оркестрдің репертуарында халық күйлерімен қатар қазақ, орыс және шетел композиторларының таңдаулы шығармалары бар.

Сонымен қатар студенттік оркестрге арналған шығармаларды оркестрлік өңдеуден өткізіп, ғылыми-әдістемелік жұмыстармен белсенді айналысады. Ол республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, музыкалық білім беру, дәстүрлі өнер және оркестрлік оқыту әдістемесі бойынша ғылыми мақалалар жариялаған. Бірнеше оқу-әдістемелік құралдар мен

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультетінде аға оқытушы, орындаушылық өнер саласының кәсіби маманы, дирижер Алимбаева Гүлзада Бақытқалиқызының 60 жасқа толуына орай мерекелік құттықтау шарасы ұйымдастырылды. Бұл іс-шара факультет оқытушылары мен студенттері тарапынан ерекше ықыласпен өткізілді.




Р.Ж. КУАНШАЛИЕВА, Мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

оркестр партитураларына арналған хрестоматиялардың авторы.

Шара барысында шәкірттері мен әріптестері Гүлзада Бақытқалиқызының кәсіби шеберлігі мен педагогикалық дарындылығын ерекше атап өтті. Оның тәрбиелеген түлектері музыкалық колледждерде, академиялық облыстық филармонияда, жоғары оқу орындарында және түрлі шығармашылық ұжымдарда табысты еңбек етуде, сонымен қатар облысымызды шетелдерде танытып келе жатқан Дәулеткерей атындағы академиялық қазақ халық оркестрінің әртістері болып табылады.

Кәсіби еңбегі мемлекет және қоғам тарапынан жоғары бағаланып, университет ректораты, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, жергілікті атқарушы органдар тарапынан Алғыс хаттармен және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ұстаздың университеттегі және облыстағы мәдени өмірге қосқан үлесі, шәкірттерге беріп келе жатқан сапалы білім мен ұлттық музыкалық өнерді дамытудағы сүбелі еңбегі әрқашан жоғары бағаланып келеді.



Батыс өңірден шыққан ғұлама, ақын, ширек ғасырдай ғұмыр жасап, ұлттық әдебиетке азаматтық-ағартушылық сарындағы шығармашылық мұрасымен танылған Ғабдолла ақынның келте өмірінің біраз қызметі ұлы ұстаздық пен арындаған ақындықта өтті. Педагогика тарихында «Педагогика» еңбегінің авторы Мағжан Жұмабаев екені алты алашқа аян. Алайда тұңғыш рет Ордада жарық көріп тұрған қазақтың ғылыми-педагогикалық бағыттағы «Мұғалім» журналының бірқатар санында Ғұмар ұстаздың «Педагогика» еңбегі басылған. «Ұстаздық ету-ұлылық» дегендей, ол бір ғана бала оқыту ісі арқылы ел жадында, ұлттық руханиятта мәңгі есте қалар еді. Бірақ «Өсер елдің ақыны көп» демекші, Ғұмар ғұмырында шайырлықты, ақындықты яғни қазақ жұртын адастырмайтын Темірқазық, жұтатпайтын рухани азық болуға бекінді. Арындаған Алаш алыптарының замандасы бола жүріп, әлеуметтік келелі мәселелерді өзек етіп, өмір жайлы жүз ойланып, мың толғанып пәлсапалы, азаматты идеяда жазған өрнекті өлеңдері ақынның жай ғана ақын емес, мұңдарлы, діндар, өрелі жазарман екенін танытады.

Ғұмар Қараш ақын болып елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, шамын жағып отыра қалып өлең жаза бермеді. Ол жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі, жауһар Шөлгез жыраудың тікелей ұрпағы бола жүріп, хандық дәуірдегі жыршы, жыраулардың бәйіттерінің текстологиясын өңдеп, лексикалық қорын қомдап жаңа заманға жеткізді. Яғни ақынның бұл қыры - арқалы ақындығынан бөлек, зерделі нәм зиятты зерттеуші болғанының айқын дәлелі. Өшпес ақын жыраулардың толғамды толғауларының мазмұндық аясын, мәтіндік қалпын танып қана қоймады, өзінің өсімпаз өлеңдерінде де жыраулық дәстүрдің сарқыншағын, тілдік құралдарын кеңінен қолданады. Тіпті халықтың кестелі мұрасынан, хандардың ақылман

данагөй толғаушыларынан үйрену-Ғұмардың соңғы өлеңдеріне дейін үзілмей жалғасып келеді. Мәселенки, өзі қызмет қылған «Мұғалім» журналында:

Енжу, маржан асыл тас

Су түбінде жатады.

Терең ойлы сан пікір,

Ой түбінде жатады.

Енжу шығар жарыққа,

Сүңгуірдің қолымен.

Пікір тарар халыққа,

Шешендердің тілімен.-деген өлеңі асыл Асан бабаның:

Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады-деген өлеңімен неғұрлым сәйкес келетіні айдан анық, күннен жарық көрініп тұр. Екі автор да ой дүниесінің шетсіз-шексіз әлем екенін, сөздің қасиеті мен құдіреті хақында нақыл айта келіп, ойды, сөзді адамның ішкі жан дүниесінің айнасы екенін меңмұндалап тұр. Шынында, адам бойындағы кемелдікті, даналықты ойдың көркемдігі, пайым парасаты толықтырады ғой.

Ғұмардың «Қашан қадірі білінер» деген 83 тармақты өлеңінде де Асан сарыны, Асан дәстүрі сезіледі:

Көктен нұрын кешірген,

Жерден набат өсірген.

## Гибрат иесі Ғұмар Қараштың шығармашылығындағы жыраулық дәстүр

Шұғыласы түссе жан бітіп,

Керіліп жансыз көсілген...

Жаһан шамы жарық қып,

Оның қадірін кім білер?-деп шұғыла шашар жарық күннің қадірі жайлы оқырманға ой салады. Бұл тармақтардың астарында аспанды бұлт торламаған бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманның бейнесі бар. Аталмыш толғау Асанның «Көлде жүрген қоңыр қаз» толғауымен үндеседі:

Көлде жүрген қоңыр қаз,

Қыр қадірін не білсін

Қырда жүрген дуадақ

Су қадірін не білсін...-деп дүние дидарындағы бар асылдың адамзатқа берер қасиетін моншақтай тізіп, осындай ұшан-теңіз ғаламатқа иелік еткендерге «қадір» ұғымының сырына үңілдіргендей. Гибратты Ғұмар «кім білер» деген дәстүрлі риторикалық сұрауды ғана қоймай, өзінше өзгеше жауапты яғни «сонда білінер» деген жеке бөлім шығарып, жарқыраған көк аспанды бұрқыраған бұлт құрсаса, жайма шуақ жарық күнді қара аспан тұсауласса, сонда ғана қадірдің білінетіндігін шұбалаңқылықтың тігісінен ада етіп, қазақы қара өлеңнің қалыбына салып көрсеткен.

Көксіл ақынның біраз өлеңдері бұқара әлеуметтің басындағы мәселелерге, өмірлік жағдаяттарға арналған шумақтар легі құрайтыны белгілі. «Сезімсіз адам болмайды» дегендей Ғұмардың махаббат лирикасына жататын «Сен» атты өлеңінде: «Сен менің бармай тапқан қағбамсың» дейді. Тура осы ой орамы, көне тілдік порым Шалкиіздің «Би Темірге бірінші толғауында» да кездеседі:

«Білерді білмес не демес,

Сұлтан ием, сен менің

Бармай тапқан қағбамсың!»-деп фантастикалық табынуға шейін жеткізеді.

Қарға бойлы Қазтуған жырау өз поэзиялық өрнегінде:

«Өрайна, билер, өрайна,

Өрайна десем болмай ма?

Өрайнасыз нәр қайда?...»-деп басталатын ұйқасты толғауы реалист ақын Ғұмар толғауларында да елге қаратыла айтылады:

Әлай ма алаш, әлай ма?

Замана жайы бұлай ма?-деп қазақы бейбіт яғни ел арасына алты алауыздықтың кірмеген әсем заманын, сарқыраған сары судың, қымқуыт тіршіліктің сұлулығын аңсайды.

Жыраулар әдебиетін сөз еткенде, қарадан шығып хан болған, текіден тарлан туған асылзадаларды да сөз етпеске болмас. Себебі жырау мен ханды бөле жара қарауға болмайды. Ғұмар ақын тек жыраулардың сөз өрнегін, тақырыптық мазмұнын өзек етпеді, асыл ханның да кескінін, қасиеттерін өлеңінде суреттеген.

Ол өлеңінде:

Жаһанға жарық нұр берген

Мысалы оның күн еді.

Асылы нұрдан жаралып,

Таралды демек шын еді.

Алтынды тақтың үстінде

Қой үстінде боз торғай

Жұмыртқа салып тұр еді,- деп ханның нұрдан

жаратылған күнге балап, қара қылды қақ жарған әділ басшылығына баға беріп, мәртебесін асқақтатады. Тек хан бейнесін емес, үлгілі көсем мен ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен шешендерді де тілге тиек етеді.

Қорыта келе, Ғұмар ақынның поэзиясы кешегі асыл текті берілердей жыршы-жыраулардың үлгілеген толғауларындағы «асыл сөздерден» қанып ішіп, нәр алған. Ақынның поэзиясы асқақ, жортуыл жырындай өршіл де рухты болуы да жыраулықты ту еткені деп білемін. Заман ақынының несерлеген терімді термелері, төкпектеткен жалынды жырлары, өршіл өлеңдері еманда халық жадында. Және жыраулар әдебиетіндегі әдеби үрдістің элементтері ақын өлеңдерінен сезіліп тұрады. Дәстүр жалғастығы, дәстүр сабақтастығы деген-осы.

Ғұмар Қараштың рухына

Қуантады Ғұмардай бабам бары

Ұға алмай жүрміз сенің бағанды өлі.

Жыраулық поэзиядан кестеленген

Өлеңдерін оқимыз біздер әлі.

Ахун деген ие болдың асыл атқа

Тыным таппай іздендің ғалым боп та

Қараңғылық басқан жолға шуақ селтің

Қазағым тақпасын деп қара ноқта.

Қалдық деп айту қиын бүгін көштен

Заманның бұл қайығын Алаш ескен.

Өзіңдей ұлылардай тұлғалардың

Ғаламат қой ұрпағы боп ғұмыр кешкен.

Ернар ЖАҚЫПТЕГІ,  
ҚТӘ (IP) 11-3 студенті

## «Мұқағали – сырлы әлем»



Филология факультетінде ИЯ (IP)-11 тобы және топ кураторы, аға оқытушы А.Е. Габдешеваның ұйымдастыруымен Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Мұқағали – сырлы әлем» атты тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына жан-жақты шолу жасап, оның әдеби мұрасының көркемдік ерекшеліктерін таныту, жастардың сөз өнеріне деген қызығушылығын арттыру болды.

Тәрбие сағаты барысында ақын поэзиясының халық арасында кеңінен таралуының мәні, шығармаларының өміршеңдік сипаты, лирикалық тереңдігі мен ұлттық рухты бейнелеудегі ерекшеліктері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар ақын өлеңдеріне жазылған әндер орындалып, студенттер тарапынан поэзиялық композициялар, әдеби көріністер ұсынылды. Шара аясында оқылған жырлар, орындалған әндер мен қойылған көріністер Мұқағали Мақатаевтың рухына тағзым білдіріп, оның мәңгілік мұрасына деген құрметтің айқын көрінісі болды. Іс-шара қатысушыларға ерекше рухани әсер қалдырып, ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыруға ықпал етті.

# Филология факультетінде әдістемелік айлық салтанатты түрде ашылды

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Филология факультетінде «Филологиялық білім: цифрлық кеңістіктегі инновациялар мен әдістемелік шешімдер» тақырыбындағы әдістемелік айлықтың ашылу салтанаты жоғары деңгейде өтті. Бұл маңызды шара факультеттің оқу-әдістемелік және шығармашылық әлеуетін танытқан мазмұнды бастама болды. Факультет деканы PhD доктор А.А. Акбулатов әдістемелік айлық мақсаты мен міндеттерін таныстырып, сәтті өтуіне тілек білдірді.



Әдістемелік айлықтың ашылу рәсімі дарынды студенттерімізден құралған «Айдын» шығармашылық тобының ұйымдастыруымен «Сезім айдынында» атты акустикалық-поэтикалық кешпен өрбіді. Кеш барысында көркем сөз бен әуен, поэзия мен музыка үйлесім тауып, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады. Университетіміздің профессор-оқытушылары, ардагер оқытушылар, бөлім басшылары мен студенттері қатысты. Қазақ әдебиетінің таңдаулы туындыларын мәнерлеп оқып, лирикалық шығармаларды музыкалық сүйемелдеумен орындады.

Іс-шараның басты ерекшелігі – филология ғылымының тек теориялық бағытта ғана емес, рухани-эстетикалық кеңістікте де маңызға ие екенін көрсетуі болды. Поэзиялық кеш арқылы сөз өнерінің тәрбиелік, танымдық және мәдени құндылығы кеңінен насихатталды.

Айта кету керек, әдістемелік айлық аясында ашық дәрістер, инновациялық практикалық сабақтар, шеберлік кластары, студенттік конференциялар мен әдеби-мәдени кештер ұйымдастырылады. Бұл іс-шаралар білім беру үдерісіне заманауи цифрлық технологияларды енгізу, оқытудың әдістемелік сапасын арттыру және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Филология факультетінде бастау алған бұл әдістемелік айлық оқытушылар мен студенттердің ғылыми-әдістемелік тәжірибе алмасуына, шығармашылық ізденістерін кеңейтуге және гуманитарлық білімнің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

## «Ғалым жолы: тәжірибе мен тағылым»

Кездесу «Ғалым жолы: тәжірибе мен тағылым» деген мазмұнды атаумен ұйымдастырылды. Бұл – тек дәріс емес, ғылымға қадам басқан жастар үшін өмірлік бағдар, кәсіби жауапкершілік пен рухани сабақтастық жайлы ашық әңгіме алаңы болды.

Кездесуді факультет деканы, PhD доктор А.А. Акбулатов ашып, әдістемелік айлықтың мақсаты мен маңызын атап өтті. Ал негізгі бөлімде сөз алған профессор Мұрат Бөкенбайұлы өз өмір жолынан сыр шертіп, ғылымға келуінің себеп-салдарын, алғашқы ізденістерін, ұстаздарының ықпалын әсерлі әңгімеледі.

Ғалымның айтуынша, ғылым жолы – кездейсоқ таңдау емес, саналы шешім мен табандылықтың нәтижесі. «Ғылым – төзімділікті, уақытты, адал еңбекті талап етеді. Ол – мәртебе емес, жауапкершілік», – деді профессор өз сөзінде.

Түркітану саласындағы ізденістеріне тоқталған ол түркі тілдерінің тарихы мен теориясын зерттеудің маңызына, ұлттық рухани кодты сақтаудағы тіл ғылымының орнына кеңінен тоқталды. Ғалымның пікірінше, бүгінгі жас филолог тек мәтінді талдай білетін маман ғана емес, цифрлық ресурстарды меңгерген, сыни ойлайтын, халықаралық ғылыми кеңістікке еркін шыға алатын зерттеуші болуы тиіс.

Кездесудің ерекше әсерлі бөлігі – сұрақ-жауап алаңы. Студенттер ғалым болудың қиындығы, студенттік кезеңдегі мотивация, ғылыми адалдық мәселелері төңірегінде сауалдар қойды.

«Ғылымда адаспау үшін ең алдымен өзіңе адал болу керек. Көшірме оймен үлкен жаңалық ашу мүмкін емес», – деген профессордың жауабы жастарға ой салды.

Сондай-ақ ол жас зерттеушілерге ғылыми тақырып таңдауда тереңдік пен жүйелілікке мән беруге, уақытты тиімді пайдалануға және үздіксіз оқуға кеңес берді. Ғалымның әрбір жауабынан тәжірибе мен ұстаздық парасат айқын

Филология факультетінің «Филологиялық білім: цифрлық кеңістіктегі инновациялар мен әдістемелік шешімдер» тақырыбындағы әдістемелік айлық аясында «Үздіктен үйрен» жобасы бойынша тағылымды кездесу өтті. Студенттер мен жас зерттеушілердің басын қосқан бұл жиынның қонағы – түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры Мұрат Бөкенбайұлы Сабыр болды.



сезілді.

Кездесу аясында цифрлық технологиялардың филология ғылымына ықпалы да сөз болды. Профессор қазіргі кезеңде мәтіндік корпустар, электронды базалар, халықаралық деректер қорымен жұмыс істеу дағдыларының маңызын атап өтті. Оның пікірінше, дәстүрлі филологиялық мектеп пен цифрлық мүмкіндіктерді ұштастыру – бүгінгі күннің басты талабы.

Бұл ойлар әдістемелік айлықтың жалпы мазмұнымен де үйлесім тапты. Себебі

шараның басты мақсаты – заманауи білім беру кеңістігінде инновациялық әдістерді енгізу, ғылыми ізденіс мәдениетін жаңғырту.

Кездесу соңында факультет атынан профессорға алғыс білдіріп, естелік сыйлық табысталды. Студенттер үшін бұл жиын жай ғана дәріс емес, ғалым тұлғасын жақыннан тануға мүмкіндік берген тағылымды сәт болды.

«Ғалым жолы – жеңіл жол емес, бірақ мағыналы жол» деген ой кездесудің түйініне айналды. Шара студенттердің

ғылымға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланысты нығайта түсті.

Осындай мазмұнды кездесулер жас зерттеушілердің кәсіби қалыптасуына, ғылыми ойлау мәдениетінің дамуына серпін беретіні сөзсіз. Ғылымға бет бұрған әрбір студент үшін бұл кездесу – үлкен мотивация мен нақты бағдар болғаны анық.

**Али НАБИ,**  
Филология факультетінің деканының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінде «Филологиялық білім: цифрлық кеңістіктегі инновациялар мен әдістемелік шешімдер» тақырыбындағы әдістемелік айлық аясында «Құжаттың библиографиялық сипаттамасы», «Библиографиялық сипаттаудың жалпы әдісі», «Ақпаратты аналитикалық-синтетикалық өңдеу процестерін автоматтандыру» атты ашық практикалық сабақтар университеттің ғылыми және облысымыздың кітапханаларында өткізу жоспарланды. Аталған іс-шара филологиялық білім берудің заманауи талаптарына сай кітапханалық-библиографиялық қызметтің маңызын ашып көрсетуге, сондай-ақ студенттердің ақпараттық мәдениеті мен кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталды. Алғашқы ашық практикалық сабақ университетіміздің ғылыми кітапханасында бастау алып, оны ғылыми кітапхананың бөлім меңгерушісі Г.И.Джанбаева, п.ғ.к., аға оқытушы С.М.Сатағалиева, оқытушы, магистр А.С.Аханова сынды мамандар ұйымдастырды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапханасы – университеттің оқу-ғылыми үдерісін ақпараттық қамтамасыз ететін маңызды құрылымдық бөлімдерінің бірі. Кітапхана студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және профессор-оқытушылар құрамына қызмет көрсетеді. Студенттерге сабақ тікелей кәсіби ортада ұйымдастырылған тәжірибелік форматта жүргізілді. Бұл өз кезегінде білім алушыларға теориялық білімді нақты практикалық әрекеттер арқылы меңгеруге мүмкіндік берді. Сабақ барысында Г.И.Джанбаева студенттерді университеттің ғылыми кітапханасының құрылымымен, қызмет бағыттарымен және заманауи ақпараттық ресурстарымен кеңінен таныстырды. Әсіресе, цифрлық трансформация жағдайындағы кітапханалардың рөлі, электронды білім ресурстарын басқару және ғылыми ақпаратты жүйелеудің халықаралық тәжірибелері ерекше назарға алынды.

Практикалық сабақ кезінде студенттерге электронды кітаптармен жұмыс істеудің толық циклі көрсетілді. Атап айтқанда, электронды басылымдарды іздеу, таңдау және пайдалану жолдары, электронды кітаптарды басып шығару тәртібі, авторлық құқық пен академиялық адалдық қағидаттарын сақтау талаптары жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар электронды және дәстүрлі баспа құжаттарын кітапханалық ақпараттық базаға енгізу механизмдері, библиографиялық деректерді жүйелеу, оларды стандарттарға сәйкес өңдеу және сақтаудың кәсіби әдістері нақты мысалдар арқылы таныстырылды. Ашық практикалық сабақтың маңызды бөлігі ретінде цифрлық білім беру кеңістігінде кітапханалық деректер қорын тиімді пайдалану, электронды базалармен жұмыс істеу, ғылыми ақпаратқа жедел қол жеткізу мүмкіндіктері көрсетілді. Бұл болашақ мамандардың заманауи ақпараттық ортада еркін бағдарлануына, халықаралық ғылыми коммуникация талаптарына бейімделуіне ықпал ететін болады.

Практикалық ашық сабақ студенттердің библиографиялық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылығын күшейтуге, кәсіби жауапкершілік пен академиялық мәдениетті қалыптастыруға зор үлес қоса отырып, жоғары білім беру жүйесінде теория мен тәжірибенің өзара тығыз байланысын көрсететін, цифрлық дәуір талаптарына сай ұйымдастырылған мазмұнды, әрі нәтижелі сабақ болды. Сонымен қатар студенттерге:

- электронды кітаптарды басып шығару тәртібі;
- цифрлық және баспа қорындағы әдебиеттерді кітапханалық базаға енгізу жолдары;
- библиографиялық деректерді жүйелеу және өңдеу ерекшеліктері;
- электронды ресурстармен жұмыс істеудің практикалық қадамдары нақты мысалдар арқылы көрсетілді.

Библиографиялық сипаттаманы ғылыми талаптарға сай рәсімдеу, электронды құжаттарды есепке алу және оларды цифрлық кеңістікте тиімді пайдалану жолдары жан-жақты түсіндірілді. Студенттер теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік алды. Аталған ашық сабақ болашақ мамандардың ақпараттық-библиографиялық мәдениетін қалыптастыруға, цифрлық білім беру кеңістігінде жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған мазмұнды әрі тәжірибелік мәні зор іс-шара болды.

Келесі кезекте филология факультетінің «Кітапханалық-педагогикалық қызмет» білім беру бағдарламасының студенттері әдістемелік айлық аясындағы екінші практикалық ашық сабағы Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында өтіп, кітапхана құрылымы мен негізгі бөлімдерінің қызметімен арнаулы мамандардың жетекшілігімен жан-жақты танысты. Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы - Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында орналасқан ірі облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы. Бұл кітапхана жас оқырмандар мен жасөспірімдерге арналған оқу-танымдық ресурстар мен мәдени-білім беру қызметтерін ұсынатын қоғамдық мәдени орталық ретінде қызмет етеді. Танысу барысында студенттер кітапхананың кәсіби бағыттағы бірнеше маңызды бөлімдерінің жұмыс үдерісін тәжірибелік тұрғыда зерделеді.

- *Каталогпен танысу бөлімі*

Студенттер дәстүрлі және электронды каталогтардың құрылымы, олармен жұмыс жасау әдістері, іздеу жүйесінің ерекшеліктері туралы мағлұмат алды. Ақпаратты жүйелі іздеу, автор, тақырып және кілт сөз арқылы әдебиеттерді табу жолдары көрсетілді.

- *Мерзімді және мерзімсіз басылымдарды сканерлеу бөлімі*

Бұл бөлімде басылымдарды цифрландыру, сканерлеу, электронды форматқа көшіру үдерістері түсіндірілді. Студенттер ақпараттық ресурстарды сақтау мен қолжетімділікті арттырудағы цифрлық технологиялардың рөлімен танысты.

- *Әдебиеттерді іріктеу, жинақтау, өңдеу және кітап қорын толықтыру бөлімі*

Болашақ мамандар кітап қорын қалыптастырудың ғылыми негіздерімен, әдебиеттерді сараптау, тіркеу, жүйелеу және өңдеу тәртібімен танысты. Қорды толықтыру саясаты, оқырман сұранысын талдау және заманауи басылымдарды таңдау критерийлері жан-жақты түсіндірілді.

- *Ақпараттық-библиографиялық бөлім*

Студенттер библиографиялық сипаттама жасау, ақпараттық анықтамалар дайындау, тақырыптық көрсеткіштер құрастыру және пайдаланушыларға кеңес беру қызметінің мазмұнымен танысты. Сонымен қатар библиографиялық жұмыстың ғылыми-зерттеу және оқу үдерісіндегі маңызы атап өтілді. Бұл бөлімде библиографиялық сипаттама жасаудың ұлттық және халықаралық стандарттары (APA, MLA, Chicago стильдері) түсіндірілді. Студенттер тақырыптық көрсеткіштер құрастыру, ғылыми ақпаратпен жұмыс істеу, дереккөздердің сенімділігін бағалау әдістерін меңгерді.

Пайдаланушыларға ақпараттық кеңес беру, медиа және ақпараттық сауаттылықты дамыту, академиялық адалдық қағидаларын түсіндіру бағытындағы қызметтің маңызы ерекше аталды.

кітаптар және өлкетану қорымен танысты. Бұл бөлімде өңір тарихына қатысты құнды басылымдар, жергілікті авторлардың еңбектері сақталғаны айтылды. Ақпараттық-библиографиялық бөлім мамандары ғылыми ізденіс жүргізу кезінде дереккөздерді дұрыс таңдау жолдары жөнінде кеңес берді.

Кітапхананың мәдени-ағартушылық бағыттағы жұмыстары, әдеби кештер, көрмелер мен кездесулер ұйымдастыру тәжірибесі де таныстырылды, студенттердің кәсіби білімін толықтырып, өңірдегі ең ірі ғылыми кітапхананың құрылымы мен қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

- *Электрондық ресурстар және цифрландыру бөлімі*

Сабақ барысында студенттер электрондық ресурстар және цифрландыру бөлімінің жұмысымен танысты. Бұл бөлім кітапхана қызметінің заманауи бағыттарының бірі болып саналады. Мамандар білім алушыларға кітапхана қорындағы сирек және сұранысқа ие басылымдарды сандық форматқа көшіру үдерісін түсіндірді. Цифрландыру жұмыстары құжаттардың сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды қашықтан пайдалануға мүмкіндік беретіні тілге етіліп, сонымен қатар студенттер электрондық каталог, цифрлық мәліметтер базасы және онлайн іздеу жүйесінің жұмысымен танысты. Электрондық қор арқылы оқырмандар қажетті әдебиетті алдын ала қарап, іздеу уақытын үнемдей алады. Бұл бөлім қазіргі кітапхананың тек дәстүрлі емес, ақпараттық технологияларға бейімделген заманауи орталық екенін айқын көрсетеді.

- *Мерзімді басылымдар бөлімі*

Студенттер мерзімді басылымдар бөлімінде де болды. Мұнда республикалық және аймақтық газеттер мен журналдардың қоры жинақталған. Мамандар мерзімді басылымдардың жүйелі түрде тіркелуі, сақталуы және

## ҚҰЖАТТАРДЫ АНАЛИТИКАЛЫҚ-СИНТЕТИКАЛЫҚ ӨҢДЕУ: ТЕОРЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ



- *Мерзімді және мерзімсіз басылымдарды сканерлеу және цифрландыру бөлімі*

Бұл бөлімде құжаттарды цифрландыру үдерісі халықаралық цифрлық архивтеу стандарттары негізінде таныстырылды. Ақпараттық ресурстарды ұзақ мерзімді сақтау, деректерді қорғау, авторлық құқық талаптарын сақтау мәселелері талқыланды. Студенттер цифрлық гуманитаристика (Digital Humanities) бағытындағы кітапханалардың рөлімен танысып, мәдени мұраны сақтау мен ашық қолжетімділік (Open Access) қағидаларының маңызын түсінді.

Ашық практикалық сабақтың үшінші күні «Кітапханалық-педагогикалық қызмет» БББ студенттері Ж. Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы жұмысымен танысып, кітапхана қызметінің негізгі бағыттарын зерделеді. Ж. Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы – өңірдегі ең ірі мәдени-ақпараттық орталықтардың бірі. Кітапхана тек кітап сақтайтын орын ғана емес, ғылыми ізденіс, рухани даму және қоғамдық диалог алаңы ретінде қызмет етеді. Кітапхана қорында әртүрлі саладағы ғылыми, көркем, тарихи және қоғамдық әдебиеттер жинақталған. Аталмыш кітапхананың мамандары жүргізген танымдық экскурсия барысында білім алушылар кітапхананың құрылымдық бөлімдерінің қызметімен жан-жақты таныстырылды. Алдымен каталог бөлімі жұмысы көрсетіліп, кітап қорының қалай жүйеленетіні, әдебиеттердің электрондық базаға енгізілу тәртібі түсіндірілді. Студенттер ақпаратты іздеу жүйесінің құрылымымен танысып, қажетті деректі табудың жолдарын үйренді. Тіркелу бөлімінде оқырмандарды есепке алу, кітап беру және қайтару үдерісі таныстырылды. Автоматтандырылған жүйе арқылы қор қозғалысын бақылау тәртібі, оқырманға қызмет көрсету бөлімінде оқу залы мен абонемент жұмысының ерекшеліктері түсіндіріліп, оқырман сұранысын орындау және әдебиеттерді ұсыну тәсілдері көрсетілді. Сонымен қатар студенттер сирек

оқырманға ұсынылу тәртібімен таныстырды. Әсіресе, өңір тарихын зерттеуде жергілікті газеттердің маңызы ерекше екені атап өтілді. Бұл бөлімде әр жылдардағы басылымдар сақталып, белгілі бір тақырып бойынша материалдарды табуға, студенттердің газет-журнал қорымен жұмыс істеудің ерекшеліктерін, мақалаларды іздеу тәсілдерін үйреніп, өздері жұмыстанып көруге мүмкіндік жасалды.

«Филологиялық білім: цифрлық кеңістіктегі инновациялар мен әдістемелік шешімдер» тақырыбының негізгі мақсаты – филологиялық, кітапханалық-педагогикалық білім беруді заманауи цифрлық технологиялар арқылы жетілдіру, оқыту сапасын арттыру және жаңа әдістемелік тәсілдерді енгізу және заман талабына сай жаңғырту, цифрлық кеңістікте тиімді оқыту жүйесін қалыптастыру арқылы білім сапасын арттыру болып табылады.

Мысалы:

- онлайн курс және вебинарлар;
- интерактивті тапсырмалар;
- цифрлық мәтіндермен жұмыс;
- электронды корпус пен деректер базасын қолдану;
- қашықтықтан оқыту технологиялары.

Жалпы үш ашық практикалық сабақты қорытындылай келе түйгеніміз: білім алушы студенттерді цифрлық ортаға бейімдеу, яғни дәстүрлі оқыту әдістерін электронды платформалармен, онлайн ресурстармен, мультимедиялық құралдармен ұштастыру, білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту, қазіргі кезеңде студент тек мәтінді оқып қана қоймай, оны талдай білуі, цифрлық дереккөздерді пайдалана алуы, ақпаратты сұрыптап, сараптай алуы және инновациялық әдістемелік шешімдерді енгізе білуі қажет.

**Сәнді САТАГАЛИЕВА,**

«Тіл, әдебиет және ақпарат» БББ аға оқытушысы, п.ғ.к.

**Альбина АХАНОВА,**

Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде JECTIVE HUB ресми түрде таныстырылды. Бұл – жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және технологиялық кәсіпкерлік салаларындағы қолданбалы жобаларды дамытуға бағытталған жаңа буындағы университеттік инновациялық инфрақұрылым. Сонымен қатар жастарды, ғылым мен бизнесті бір экожүйеге біріктіретін Jective.kz цифрлық платформасы іске қосылды. JECTIVE HUB-ты құру ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған 2026 жыл – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы елдің стратегиялық бағытын қолдауға бағытталған. Оның басты ерекшелігі – жобалардың студенттердің өз бастамасымен жүзеге асырылуы. Бұл бастамада жасанды интеллект саласында жоғары нәтижелер көрсетіп жүрген, сондай-ақ AI-Sana бағдарламасы бойынша білім алып жатқан жас зерттеушілер мен әзірлеушілердің әлеуеті толық пайдаланылмақ.

Цифрлық трансформацияны жеделдету, жасанды интеллект технологияларын дамыту және өңірлік IT-экожүйені нығайту мақсатында, сондай-ақ JECTIVE HUB бастамасын қолдау үшін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мен «Astana Hub» «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорының Орал қаласы бойынша филиалы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. JECTIVE HUB – кешенді университеттік платформа. Экожүйе қатысушылары қазіргі цифрлық экономиканың негізгі құзыреттерін меңгереді:

- MVP және цифрлық өнімдер әзірлеу;
- кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру;
- командалық жұмыс және коммуникация;
- жобаларды басқару және шешімдерді таныстыру;
- технологиялық әзірлемелерді коммерцияландыру.

Экожүйенің орталық элементі – Jective.kz платформасы. Оның мақсаты – студенттерді, оқушыларды, ғылыми сарапшыларды және кәсіпкерлерді бір цифрлық кеңістікте біріктіріп, жастар жобаларын ілгерілету. Студенттер мен оқушылар үшін платформа тәлімгерлермен байланыс орнатуға, командалар құруға және өз әзірлемелерін коммерцияландыруға мүмкіндік береді.

# JECTIVE HUB

## таныстырылды



Ал университеттер мен бизнес үшін Jective.kz – дарынды жастарды анықтауға, жаңа технологиялық шешімдердің



әлеуетін бағалауға және стартап-командалармен әріптестік орнатуға тиімді алаң.

## Вручены дипломы магистрантам

В стенах университета Махамбета прошло торжественное вручение дипломов выпускникам магистратуры. Этот день стал итогом научных поисков, смелых идей и больших стремлений. За каждым дипломом – бессонные ночи над исследованиями, поддержка наставников, дружба однокурсников и первые серьезные профессиональные победы.

Поздравляем выпускников с важной вехой в жизни! Пусть полученные знания станут прочным фундаментом для успешной карьеры, новых открытий и служения обществу. Вперёд – к большим целям и ярким достижениям!



## АҒА БУЫН БІЛІМ ЖОЛЫНДА

Орал қаласының белсенді ұзақ өмір орталығы мен Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті арасында «Күміс университет» жобасы аясында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аталған жоба зейнет жасындағы азаматтардың білім алуға, өзін-өзі дамытуға және қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.



Іс-шара барысында оқу курстарынан сәтті өткен ата-әжелерімізге арнайы сертификаттар табысталып, олардың білімге деген құлшынысы мен белсенділігі жоғары бағаланды. Бұл бастама – өмір бойы білім алу қағидатын қолдауға бағытталған маңызды қадам. Алдағы уақытта да бірлескен жобалар арқылы аға буын өкілдерінің әлеуетін арттыру көзделуде. Білімге деген ұмтылыс жасты таңдамайды!

«Ұзақ өмір» орталығының ресми парақшасынан алынды

# Шешен сөйлеймін десеніз!.

**Достар!** Біле білсек, шешендік кісі көркі емес пе! Ал адамның сөзі оның ақылының өлшемі болмай ма? Демек, шешендік өнер әркез сенім қызметшісі тұғырында көрінбек... 2026 жылы ақпан айының 13-і күні университетімізде **“Шешен сөйлеймін десеніз!..” (100 сауалға 99 жауап)** тақырыбында профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың шеберлік сағаты (Мастер класс) өткізілді. Ритор-педагогтың шешендікке баулыр шеберлік сағатына Махамбет университеті студенттерімен бірге БҚО Дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №10 ЖОББМ және БҚО Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім - инновация» мектеп-лицей-интернатының оқушылары, жалпы саны 70 тыңдаушы қатысты.

Профессор Абат Сатыбайұлы шеберлік сағатында, ең алдымен, жастарға шешен сөйлеу мәдениетіне қатысты жазылған еңбектерін ұсынды. Ұсынылған 50 (елу) еңбектің ішінен күні бүгінге дейін 5000 (бес мың) таралыммен 5 (бес) рет басылым көрген **“Шешендіктану” оқулығына** (2004; 2012; 2014; 2023; 2026), **“Іскерлік шешендіктану”** (2007; 2025), **“Кестелі шешендіктану”** (2008), **“Шешен-лектор профессиограммасы”** (2005) оқу құралдарына және **“Шешен сөйлей білеміз бе?”** (2017), **“Шешен сөйлеймін десеніз!..”** (2019), **“Шешендік тағылымы”** (2006) атты хрестоматияларына шолу жасалды.

Шеберлік сағатында ритор-педагог тарапынан «Шешен сөйлеймін десеніз!..» тақырыбында шешен сөйлеу мәдениетінің саф алтын қағидалары ретінде 100-ден аса құнды тәжірибелік кеңес ұсынылды. Шешендік шеберлік сағатын ұсынушы профессор Абат Сатыбайұлының пайымдауынша, кез келген сөйленген сөз жанды құбылыс іспетті. Ол бас-аяғы бар дене секілді және де тұтас кеуде тұсы мен аяқ жағы



бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастықта өрбіген болып келмек. Асылы, небір өнер, небір даналық шыңына оларды оқып-үйренбей қол жеткізу мүмкін де емес. Шешендік рухани қабілетпен, авторға еліктеумен, шығармашылыққа бейімделумен, басқа ғылымдарды меңгерумен және айқын, күшті дауыс, мықты рух, кең кеуде тәрізді табиғи ерекшеліктерімен біртұтас. Олай болса, шешендік сөз – жанды сөз әрекеті арқылы көрініс беретін эмоционалды-интеллектуальды шығармашылықтың бірегей түрі. Ол бір мезгілде адамның санасына да, сезіміне де әсер етеді. Демек, шешендік

өнерді адам өмірінің әр қилы ішкі үдерістерін бейнелеудің озық тәсілі, өзгелерді өз еркіне бағындырудың аса күшті қаруы, жанды қарым-қатынастың амалы ретінде сөз сөйлеу сиқырына ие болғызатын шын мәнінде адамның құдіреттілігін танытатын көпқырлы ілім тұрғысында танымыз.

Шара барысында университеттің Ғылыми кітапханасы тарапынан **“Шешен сөйлей білеміз бе?”** тақырыбында кең көлемді көрме әзірленді. Көрме материалдарын Қоғамдық даму департаментінің әдіскерлері, қалыптасу үстіндегі ритор-педагогтар Жанайна Мадиярқызы мен Аяулым Асланқызы көркем де ұғынықты тілде орнықты таныстыра алды. Сондай-ақ профессор Абат Сатыбайұлының алғыр шәкірттері **Нұрайна Аманғалиева** Мұхтар Шахановтың «Ақсақ темір қалай ақсақ атанды?», **Яна Сағын Жұбан Молдағалиевтың** «Мен қазақ әйеліне қайран қалам» өлеңдерін ерекше нақышпен әсерлі орындай білді. Мастер класс соңында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №10 ЖОББМ директорының оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары **Айтқалиева Сәуле Айтқалиқызы**, жоғары санаттағы физика пәні мұғалімі **Хасимова Алтынай Меңдібайқызы** және БҚО Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші **Сағитова Гүлфайруз Болатқызы** сөз кезегін алып, шеберлік сағатының жастарға да, кәсіби мамандарға пайдалығы, аса тиімділігі, құндылығы туралы ой өре келе, профессор Абат Сатыбайұлына алғыстарын жаудырды. Сондай-ақ оқушылар атынан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №10 ЖОББМ оқушысы **Сағындық Малика Сағындыққызы** сөз алып, әсерлі басқосуға шақырылғаны үшін ғалым ұстазымызға өзіндік алғысын айта алды...

Шешендікке баулыр шеберлік сағаты профессор Абат Сатыбайұлының қасиетті тұмар ақ батасымен түйінделді. Ғалым ағаның жастарға арналған батасы: **Қадірлі жастар! Сіздерге ата-бабамыздың текті қылығын берсін! Судың тұнығын берсін! Асаудың арынын берсін, Түнгі оттың жарығын берсін! Асқар таудың паңдығын берсін, Бұлбұл құстың таңғы үнін берсін! Даланың жазықтығын берсін, Гүлдің нәзіктігін берсін! Теңіздің тереңдігін берсін, Ердің көңілін берсін! Бүркіттің жүрегің берсін, Тірлігімізге береке берсін! Кең пейіл берсін, Ұзақ ғұмыр берсін! Әумин!** Ал профессор Абат Сатыбайұлы ұстазымызға біздің айтарымыз, **қашан да мінсіз сөзді, кірсіз арлы иесі бола бергейсіз!..**

**Жанайна МАДИЯРҚЫЗЫ,**  
Қоғамдық даму департаментінің әдіскері

## Халықаралық серіктестік жаңа деңгейде



Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті базасында академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік студенттер білім алуда. Атап айтқанда, Б.Б. Городовиков атындағы Қалмақ мемлекеттік университетінен келген 5 студент оқу процесіне тартылды.

Қонақ студенттер «Шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» және «Тарих» білім беру бағдарламалары бойынша білім алуда. Оқу барысында олар заманауи педагогикалық технологиялармен танысып, жаңартылған білім беру әдістемелерін меңгеруде және кәсіби-практикалық дағдыларын жетілдіруде. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттердің білім көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, мәдениетаралық коммуникацияны нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл жоба халықаралық академиялық байланыстарды дамытуға, тәжірибе алмасу үдерісін жандандыруға және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Университет басшылығы халықаралық ынтымақтастықты стратегиялық бағыттардың бірі ретінде айқындап отыр. Осыған сәйкес, білім алушыларға сапалы білім алу, ғылыми тәжірибе жинақтау және кәсіби өсуге қажетті жағдайлар жасалған. Махамбет университеті — халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу арқылы студенттерге жаһандық деңгейдегі мүмкіндіктер ұсынатын жетекші оқу орны.

# Новый проект Конституции Республики Казахстан: шаг к обновлению государственности и выбор будущего страны



Инициатива проведения референдума была выдвинута Президентом Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаевым как часть программы политических реформ, направленных на построение «Нового Казахстана». По его словам, обновление Конституции направлено на формирование «Справедливого Казахстана» — государства с сильным парламентом, подотчетным правительством и активным гражданским обществом. Референдум является формой прямого волеизъявления граждан, что подчеркивает важность участия гражданского общества в определении будущего страны.

Проект новой Конституции предусматривает ряд принципиальных изменений:

1. Перераспределение полномочий между ветвями власти, усиление роли Парламента и маслихатов;
2. Ограничение полномочий Президента;
3. Совершенствование избирательной системы;

В Республике Казахстан 15 марта состоится одно из важнейших политических событий последних лет — республиканский референдум по проекту новой Конституции. Это исторический момент, который отражает стремление общества к обновлению политической системы, укреплению демократических институтов и дальнейшему развитию государства. Это событие станет значимой вехой в истории независимого Казахстана. Действующая Конституция была принята на референдуме 30 августа 1995 года. На протяжении многих лет Основной закон служил надежной правовой базой становления независимого Казахстана, обеспечивая стабильность и поступательное развитие страны. Однако современные вызовы — как внутренние, так и внешние — требуют совершенствования системы государственного управления, усиления роли гражданского общества и расширения участия граждан в принятии решений, более комплексного пересмотра основ государственного устройства.

4. Укрепление статуса Конституционного суда, обеспечивающего защиту прав и свобод граждан;

5. Укрепление гарантий прав и свобод человека и расширение участия граждан в управлении государством через развитие механизмов местного самоуправления. Особое внимание уделяется развитию принципа «слышащего государства», при котором мнение граждан становится определяющим фактором в принятии государственных решений.

6. Повышение ответственности государственных органов перед обществом. Расширение механизмов общественного контроля и повышение прозрачности работы государственных органов должны способствовать укреплению доверия между обществом и властью.

7. Закрепление принципов социальной справедливости и правового государства.

8. Одним из ключевых направлений реформ стало усиление системы сдержек и противовесов, что направлено на формирование более сбалансированной модели государственной власти.

Принятие новой Конституции открывает возможности для дальнейшей демократизации общества, укрепления прав человека и развития институтов гражданского общества. В то же время реализация конституционных норм потребует последовательной и ответственной работы государственных органов, а также активной позиции граждан.

Для студенческого сообщества участие в референдуме — это не только гражданский долг, но и возможность напрямую повлиять на будущее страны. Молодежь

является активной частью общества, и именно ей предстоит жить и работать в условиях обновленной конституционной системы. Осознанный выбор студенческой молодежи, сделанный на референдуме, — это вклад в построение правового, демократического и социального государства.

Проект новой Конституции становится предметом широкого общественного обсуждения, объединяя представителей разных поколений и профессиональных сообществ. Именно через диалог и участие формируется прочная основа для устойчивого и справедливого развития Республики Казахстан. Обсуждение проекта новой Конституции в университетах, проведение круглых столов и открытых лекций способствуют формированию правовой культуры и повышению уровня гражданской ответственности студентов.

Республиканский референдум — это не просто юридическая процедура, а важный этап общественного диалога и совместного определения стратегического курса развития Республики Казахстан. Будущее Казахстана во многом зависит от активной гражданской позиции его жителей. Участие в референдуме — это не только право, но и ответственность каждого гражданина за дальнейшее развитие страны. От осознанного выбора каждого гражданина зависит будущее страны и ее дальнейшее движение по пути устойчивого развития и прогресса.

**К.М. НАУАНОВА,**

кандидат философских наук,

старший преподаватель ОП «Социальные науки»,

**Т.Т. ШАЙХИЕВ,**

старший преподаватель ОП «Социальные науки»

## Патриоттық тәрбие – ел болашағының негізі

Махамбет университетінде «Отан – оттан да ыстық» тақырыбында Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы білім беру бағдарламасының студенттері арасында патриоттық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, әскери қызметтің маңызын түсіндіру және әскери салаға қызығушылықты дамыту болды.



Тәрбие сағатына арнайы шақырылған құрметті қонақтар – «ҚР ҚМ Әскери-техникалық мектебі» РМҚК Орал филиалы директорының орынбасары, әскери-патриоттық тәрбие бөлімінің басшысы, запастағы майор Ербол Әсетұлы Жұмағазиев және Республикалық «Жауынгерлік бауырластығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, №45 ЖОББМ АӨТД пәнінің педагог-ұйымдастырушысы, запастағы аға сержант Мейрлан Аманжолұлы Нұрқанов қатысты. Кездесу барысында қонақтар әскери қызметтің ерекшеліктері, ел қорғау жауапкершілігі, патриотизмнің қоғамдағы орны туралы

мазмұнды пікірлерімен бөлісті. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тәжірибелік кеңестер мен өмірлік тағылымдарға қанықты.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға үлкен рухани әсер қалдырды. «Отан – оттан да ыстық» тақырыбының мәні кеңінен ашылып, білім алушылардың елге деген сүйіспеншілігін арттыруға және азаматтық жауапкершілігін нығайтуға ықпал етті. Қатысушылар қонақтарға алғыстарын білдіріп, мұндай тағылымды кездесулердің тәрбиелік маңызы зор екенін атап өтті.

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Практикаға бағдарланған білім беру: оқу процесін жетілдіру жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – білім беру процесін тәжірибемен ұштастыру, түлектердің еңбек нарығына бейімделуін арттыру және жұмыс берушілермен өзара ынтымақтастықты нығайту.**

### ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Аталған жиынға БҚО ПД Жеке құраммен жұмыс жөніндегі басқармасы бастығының орынбасары Назгүл Түменова қатысып, ішкі істер органдарына қызметке қабылдау тәртібі, үміткерлерге қойылатын талаптар, іріктеу кезеңдері туралы жан-жақты ақпарат берді. Сонымен қатар полиция қызметіне онлайн түрде құжат тапсыруға мүмкіндік беретін Qyzmet.police.kz сайтының артықшылықтары мен қолжетімділігі түсіндірілді. Кездесу барысында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, полиция қызметінің ерекшеліктері мен мансаптық мүмкіндіктері туралы нақты жауаптар алды. Жиынға университеттің тарих кафедрасының оқытушылары, сондай-ақ өзге де жұмыс беруші мекемелердің өкілдері қатысты. Тараптар алдағы уақытта тәжірибелік сабақтар, тағылымдамалар мен бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Мұндай кездесулер білім мен тәжірибені ұштастыруға, сондай-ақ жастарды мемлекеттік қызметке тартуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.



Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде руханият пен поэзияны ұштастырған мазмұнды мәдени іс-шара өтті. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, сыршыл лирик Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай ұйымдастырылған әдеби кеш ҚТӘ(А)-21 тобының бастамасымен, топ кураторы Раушан Жанабайқызының Сисенбаева жетекшілігімен жүзеге асырылды.

## Руханият пен поэзия үндескен тағылымды кеш



Тағылымды шараның басты мақсаты - ақынның бай әдеби мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, оның шығармаларындағы адамгершілік, отансүйгіштік және рухани тереңдік құндылықтарын кеңінен насихаттау болды. Поэзия кешіне университеттің 1–3 курс студенттері көрермен ретінде белсенді қатысып, ұйымдастырушы топтың студенттері Мұқағали жырларын мәнерлеп оқыды. Ақын поэзиясы арқылы жастар ұлттық руханияттың тереңдігіне бойлап, қазақ әдебиетіне деген құрметін айқын көрсетті.

Кеш аясында Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Университет кітапханашысы Жансауле Мақсотқызы Қайдарова көрмені таныстырып, ақынның әр кезеңде жарық көрген жинақтары мен зерттеу еңбектері туралы жан-жақты ақпарат берді. Көрме студенттердің ақын мұрасымен тереңірек танысуына мүмкіндік жасады.

## МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВТЫҢ ағартушылық мұрасы талқыланды

Алаштану ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Міржақып Дулатовтың ағартушылық көзқарастары» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны орталық жетекшісі, доцент Б.С. Боранбаева ұйымдастырды. Жиынға тарих мамандығының 2 және 3 курс студенттері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында Міржақып Дулатовтың өнегелі өмір жолы мен ағартушылық қызметі кеңінен талқыланды. Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерінің ұлттық сананы оятудағы рөлі, публицистикалық және әдеби мұрасының тарихи маңызы ғылыми тұрғыдан сараланды.

3 курс студенттері «М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» еңбегінің ағартушылық мәні», «М.Дулатов – репрессия құрбаны», «Гүлнар Дулатова еңбектерінің деректік маңызы» тақырыптарында мазмұнды баяндамалар жасады. Атап айтқанда, А. Дінжанова, Д.Жамиғолла, А.Қосымжанұлы, А.Тұрсынбаева, Т.Елеусін, Ө.Русланұлы, А.Нұрмантай, Г.Мұратбай тарихи деректерге сүйене отырып, тұжырымды пікірлерін ортаға салды.

Жиын барысында Алаш қайраткерінің ағартушылық идеяларының бүгінгі қоғамдық санадағы өзектілігіне ерекше назар аударылды. Қатысушылар Міржақып Дулатовтың ұлттық рухты қалыптастырудағы орны мен қызметін тереңірек танып, сондай-ақ Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың зерттеулері арқылы тың деректерге қаныққандықтарын атап өтті. Шара соңында студенттер баяндамашыларға алғыс білдіріп, ғылыми талқылаудың мазмұндылығы мен тәрбиелік мәнін жоғары бағалады.



## СМОЖЕТ ЛИ ИИ ЗАМЕНИТЬ УЧИТЕЛЯ?

По следам открытой лекции-полюмики по русской литературе Г.С.Умаровой

Помимо изучения творческого наследия русского классика, студенты участвовали в решении проблемной темы занятия, демонстрируя современный подход в исследовании материала. Перед ними стояла задача создать презентацию по вопросам об особенностях поэтики, использовании автором своеобразных художественных средств при создании поэмы «Кому на Руси жить хорошо», и показать возможности ИИ в обучении, в частности, в освещении уникальных художественных средств в не-красовском стиле. Нужно было ответить на главный вопрос лекции-полюмики: «Сможет ли ИИ объективно найти и осветить поэтику изучаемого художественного произведения и заменить учителя, преподавателя?».

Лекция началась с опроса студентов на знание ими произведения, персонажей и сюжетных событий поэмы. После проверки на освоение материала – студенты в микрогруппах представляли свои презентации. Они были все полностью сгенерированы искусственным интеллектом.

Первыми выступали студенты РЯЛ-32, Олеся Шашкова и Лобзенева Анастасия. Презентация этой группы была посвящена образам странников в произведении, однако была подвержена критической оценке как самих выступающих, так и со стороны студентов: в ней были неуместные, не связанные с произведением иллюстрации, а также расхождения в описании образов персонажей, в отличие от текста произведения, отсутствовали оригинальные, текстовые характеристики героев.

Другая выступавшая группа была команда из ФИЛ-32, в ней были Нұргүл Көпжасар, Ақбаян Қуаныш, Айару Бағытжан и Николай Панфилов. Темой их презентации был

В ЗКУ им.М.Утемисова прошла открытая лекция-полюмика «Положительное и негативное в использовании ИИ при изучении поэтики произведения Н.А.Некрасова «Кому на Руси жить хорошо» с участием студентов групп РЯЛШ-32, РЯЛ-32, РЯЛ 22 (3), РЯЛШ 22 (3) и ФИЛ-32. Открытая лекция проводилась доцентом, профессором ЗКУ Гульнар Сидегалиевной Умаровой.



образ персонажа Григория Добросклонова. Их работа отражала более близкие к тексту поэмы материалы. Презентация получилась яркой, красочной, но по признанию самих студентов – неточной: «Были и недостатки. Главный из них – это то, что искусственный интеллект иногда допускает неточности: может формулировать мысли слишком обобщенно или предлагать цитаты и формулировки, которых нет в оригинальном тексте произведения. Поэтому без самостоятельной проверки и обращения к первоисточнику такой материал

использовать нельзя...».

После показа презентаций групп, студенты и преподаватель подводили итог. Так сможет ли искусственный интеллект заменить учителя, преподавателя? Пригоден ли он для этого? После мероприятия у студентов сложились свои взгляды на использование искусственного интеллекта в области обучения. Нұргүл из ФИЛ-32 высказала такое мнение:

«Я считаю, что искусственный интеллект может быть полезен для учителей, но только как вспомогательный инструмент.


Он может помочь с поиском идей, структурированием материала, подготовкой черновиков или презентаций и сэкономить время педагога. Однако полностью полагаться на ИИ нельзя. Учитель должен сам отбирать информацию, проверять факты, работать с текстом и источниками. Книга, личный опыт и живое мышление всё равно остаются основой образования. Поэтому лучше всего, когда искусственный интеллект используется осознанно: не вместо учителя и книги, а в помощь им. ИИ никогда не заменит живое слово педагога, его личный опыт и мышление».

Инкар Омирзак из РЯЛШ-32 тоже не считает ИИ заменой учителю: «Я считаю, что искусственный интеллект сегодня действительно полезен. Он помогает быстрее находить информацию, объяснять сложные темы, готовиться к урокам и экзаменам. Однако, полностью заменить учителя ИИ, на мой взгляд, не сможет. Учитель не только передаёт знания, но и поддерживает, направляет, учитывает особенности учеников и создаёт живое общение, которое технологии заменить не могут».

Таким образом, студенты смогли ознакомиться с использованием искусственного интеллекта не с позиции студента, а с позиции учителя. Неизвестно, каким будет будущее, но, кажется, что естественный интеллект способен оказать ощутимую помощь педагогу, и всегда будет ценен, даже не смотря на опасения окружающих. Такая помощь способна облегчить труд учителя при условии ведущей роли педагога.

Николай ПАНФИЛОВ,  
студент Фил-32

Жайықтың Жұбаны – елінің еңсесін еселей көтере білген тұлға. Бүгінгі ақиқаты сол – Ақжайық өңірі, күллі Қазақ елі Жұбан сынды бірегей ұлымен мақтанады. Қазақ әдебиетінің классигі, қазақ поэзиясының дүлдүлі, нағыз қазақ Жұбан Молдағалиевқа берілген баға да жетерлік, келешек берілер баға да аз болмаса керекті. Жұбанды көрмей, білмей тек оның поэзиялық туындылары арқылы берілген бағаларға да құлақ қоярымыз хақ. Десек те, бір кезде ұлы ақынмен бірге дидарласып, сыйласып, бірге иықтасып, сырласып, сөйтіп, бірін-бірі жете тани отырып, алтынның сынығындай поэзиялық дүниелерінің үлкен жүрегімен, биік талғаммен өрілгенін жете сезіне берілген бағалардың құны бөлектеу, көңілімізге қонымдылау. «Бидің сөзін құл да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ» дегендей, дуалы ауыз жерлес ірі тұлғаларымыздың, ғалымдарымыздың, ақындарымыздың, көсемсөзші мамандарымыздың Жұбан азамат-ақын туралы тұжырым-пікірлерінің құны мүлдем бөлек, сөздерінің салмағы да басымырақ. Ең бастысы – қарапайым халыққа жетімді, иланымды, сенімді. Халық бұндай тұлғалардың сөзіне имандай ұйиды, құлақ түреді, ден қояды. Демек, ондай сөздер бойға сіңімді, ойға қонымды. Тәрбиелік тағылым осылайша өрілсе керек. Осы орайдағы Жұбан сынды арқалы ақын туралы тұжырымдардың бірінде атақты Қадыр Мырза Әлі: «Жұбан Молдағалиев – сұмдық ірі тұлға, тау қопара алатын құдірет күштің иесі. Жұбағаның ішкі-сыртқы дүниесі, бүкіл он екі мүшесі оннан-мұннан құрастырылмай, тұтас бір материалдан қашап жасаған монумент іспетті», - деп жазған-ды. Түйін сөздің мағыналық тұңғығына тереңірек үңіле келе, қалың ойға қаласың. Ал осыдан он бес жыл бұрын тұсауы кесіліп, оқырманға ұсынылған «Жұбан» жинағының туындыгері – Жайықтың ұлы Жайсаң аға. Бізді алғашқы оқырманы ретінде тәтті еткен екі тұс: бірі – сол тұстағы сексеннің төртеуіндегі ақсақал ағамыздың жадының мықтылығы. Бізге мәлімі – Жайсаң ағамыздың өз жадын өмір бойы жаттықтырғаны. Нәтижесі – «Жұбан» туындысы. Екіншісі – қазіргі кітап оқуға салғырт қарайтын тұста, тіпті поэзияға алыстаңқырап кеткен кезде, ел махаббатына бөленген ақын рухымен сырласа келе, пәк ақынның өмір белестеріне, жан дүниесіне үңіле, құдды шежіреші-тарихшы ақсақалдың бүгінгі ұрпақ өкілдерімен әңгімелесіп отырғаны іспетті шебер де ұтымды, оқырман-тыңдаушысын ешбір қағазға қарамай-ақ өзіне ынтықтыра, еліте, еріте өктер жазу стилін таңдауы. Дау жоқ, бұл іспетті Жайсаң ағамыздың өмірі тәжірибесі - бүгінгі жас ұрпаққа аталық өнегесі. Түйіні – еңбектегеннің де, еңкейгеннің де жандүниесін дір еткізер танымдық тағылымды туындының дүниеге келуі.



# КЕМЕЛ ШАҚТЫҢ ТАҒЫЛЫМ ТАРАЗЫСЫ

«Мен – қазақтың, биіктің, ерікті ұлмын» деп кеуде толтыра, еркін көсілетін дала перзенті туралы жазылған «Жұбан» туындысының әрбір тарауы ақын өмірінің әр тұсынан сыр шертеді. Батыс Қазақстан аймағының құрметті азаматы, өлке тарихының таразышысы, еңбек ауторы Жайсаң аға Досболатұлы қаламды қолға алу сәтіндегі «биссимилләсін»: «Жұбан ақын туралы өзім білетін жайттарды, атқарылған істерді, дидарласу сәтіндегі әңгімеге арқау болған диалог үзіктерін, замандас, әріптес, жерлес, бауырлас жақын-жуықтарының естелік ойларын, пікір-түйіндерін шашылып қалмасын, шашау шықпасын, көзкөрген үлкендерімен бірге кетпесін, дуалы ауыз ақынның алтын кеудесінен шыққан ой үзіктері кейінгі ойлы ұрпақ тәрбиесіне жарасын деп қолға қалам алдым. Қағаз бетіне түсірдім. Қоғам сан қатпарлы құбылыстарға, ақын өмір сүрген, қызмет еткен, оны қоршаған ортаға берілген баға-бағалауларды да өз ой елегімнен өткізе, өзіндік көзқарас - тұжырымыма негіздедім. Ақын туралы сан тараулы толғанысымды жүйелеуде оның туындыларына тереңірек үңілуге тырысып, өлең жолдарындағы заманына орайлас, сол кездегі үстем идеологияға, таптық антогонизмге ыңғайланған жақтарына, қазіргі қалыптасу үстіндегі қоғамдық көзқарастарға сәйкеспейтін тұстарын өзімше өз көзқарас түсінік-түйіндеріме ыңғайлағанымды, тарих қатпарындағы иірімдерді ашып айтқанымды оқырманның есіне саламын. Бұл жөнінде өз жауапкершілігімді сезінемін», - деп бастайды. Бұл айтылғандардан еңбектің құрылымдық жүйесі, жазылу мәнері, нақышы қалай өрілгенін байқау қиын емес. Еңбек 199 беттен құралған, 20 түйінді бөлімдерге жіктеле ұсынылған.

Аталмыш еңбек бөлімдерінде шертілер сыр үзіктері сан алуан. Жұбан өмірінің қилы қалтарыстарын жақсы білетін Жайсаң ағамыз: «Бала кезінен бастап-ақ байсалды, бейне бір көсем, лидер болуға жаратылғандай көрінетін. Сүйегіне ана сүтімен енген салмақтылығы, сабырлы қалпы, қуанышта асып-төгілмей, қиындықта асып-саспай, төңірегін ұлағаттылармен қоршауға тырысып, тұрлаулы тұлғаға айналды. Қоғамдық тұрмыста, атқарылатын істе қара қылды қақ жарып, адамгершілік қағидаларын құран аяттарындай ұстанады. Қиын-қыстау шаққа бас ұрғанда басқалар «Жұбан қайтер екен, не айтар екен» деп күтетін. Жұбан өзіне адамды тартып, өзіне сендіріп, істерінің кіршіксіз тазалығына иландыра білетін қасиеттерімен ерекшеленеді. Ол тек биіктен, тек ілгеріден көрінеді», - деп сипаттайды.

Ақынның сөз қолдану шеберлігін Жайсаң аға: «Жұбан

сөздері қиюынан қыл өтпейтін нығыз болып, мағынаға малынып келеді. Өлең жолдарында басы артық сөз жоқ, ой жұмырланып, санаға тез енеді. Әр сөзді абайлап, әр ойын өлшеп, әр сөзін нарықтауға дағдыланып, қазақ тілінің бай қазынасын ұқыпты, ұтымды пайдаланады», - деп өрнектеген. Аутор: «Жұбан сөздерінің қуаты күшті. Сөз кестесі, айбыны Құрманғазының төкпе күйлері «Адайы» мен «Сарыарқасы» тәрізді сезімді тербеп жібереді, үздіксіз тебіртеді, бойды балқытады, қанды бекітеді, жанды серпілтеді, арманды шалқытады. Даланың азынаған желіне ұқсас жолындағыларды шалқытып еседі. Жұбан сөздерінің қуаты жас буынды, өсер ұрпақты тек алға, еңселі, айбынды болуға бағыттап, болашақ үшін қазақ халқының намысын қорғауға шақырады», - деп тербей келе, - «Жұбанның күштілігі - оның өзіне-өзі ие болғандығы. Ол өзінің принципшілдігімен беделін мықтады. Рөлі мен компасы жоқ кемедей жел қалай соқса солай бағытын өзгертуден бойын аулақ ұстады, қиын-қыстаумен беттескенде жабыққанын білдірмей, тарыққан кезін тез ұмытуға тырысып, онан сабақ алып, тағдырдың қиындықтан шығар есігін таба білді», - деп жазады. Бір кездегі қосшы бала, бүгінгі зерделі ата Жайсаң: «Азаматтығы биік, қоғамдық дәрежесі асқар таудай, ақындық өнердің ерен жүйрігі, зерделілердің лидері, ұлағатты Жұбан аға Молдағалиевпен жанасу, оның төңірегінде 20 жылдай «қосшы баласы» атанып бірге болуым – мен үшін бай қазына, асыл мұра», - деп түйіндеген...

Ұзын сөздің қысқасы, қысқа сөздің нұсқасы, бұған дейін де «Қазақтар», «Сырым батыр Датұлы», «Жәңгір хан», «Жанша», «Бақытжан Қаратаев» секілді танымдық-публицистикалық ғылыми нәрі мол дүниелерді сан тарау қиналыстармен, шөп арасынан ине іздегендей еңбекқорлықпен өрілетін ізденістермен ұрпақ санасын толыстырар, ел тарихын толықтырар еңбектерді бере білген Жайықтың Жайсаңы өз кезеңінде «Жұбан» туындысымен жұртшылықты қуантты. «Жұбан» жинағы – танымдық, тағылымдық мағынасы ерекше туынды, жұбантану ғылымына қатысты педагогика, тарих саласы бойынша салмағы мол сүйекті зерттеу деңгейіне көтерілетін еңбек. Еңбекті жұбантану саласындағы қарапайым халыққа біртабан жақын іргелі мәдени өрі ғылыми тәжірибе нәтижесіндегі табыс деп бағалаған жөн...

Дана халқымыз адамның алпысын дер шағы, жетпісін мер шағы, сексенін жер шағы, тоқсанын шер шағы, жүзін көр шағы демей ме? Қандай дәлдік десеңізші! Ұсынылған еңбектер - аузының дуасы бар халық биі сынды сөзі бал ақсақалдың зейнет шақтағы толымды

дүниелері. Кезекті еңбегінің «Кемел шақ» аталуы да тегін емес. «Кемел» сөзі (араб тілінде «камал») «толық», «кең» мағынасын білдіреді. Сол себептен де – күллі мұсылман жұртына ортақ атау. Ата-бабамыз перзентінің ақыл-ойы кемел, мінезі көркем, болашағы жарқын болғай деп тілеген. «Кемел тұлға» (арабша «инсан-и камил» - толық адам) – ақыл-ойы толысқан кемел шақтағы кісі. Діни ілімде кемел тұлға – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жандүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейілінше жақындаған асыл адам. Ол – кейінгі жаңа ұрпаққа темірқазықтай жол көрсетуші, бағыт-бағдар беруші. Кемел адам – нұрлы ақыл иесі. Нұрлы ақыл иесі әділетсіз іске аяқ баса қоймайды, ар биігінен аттап баспайды. Жастың тезі бола білген айтқан сөзі дәрі Жайсаң ағамыз – кемел шағында сақалына ақ түссе де, көңіліне дақ түспеген, көзі қартайса да, көңілі қартаймаған, даусыз дерт көрілікке бас имеген, қажуды ар көретін, ұят санайтын бірегей ізгі дағды иесі.

Қарт қойнында қалаш бар. Ақылды қария – ағып тұрған дария. Қарты бар елдің қазынасы бар. Кәрісі жоқтың жасы дуана. Бәрі де рас. Дәлелі – жас ағашқа сүйеніп күн көрген қу ағаштай болмауды әркез ойлайтын Жайсаң сынды ауылын аздырмас ақсақалдың «Кемел шақ» кітабы. «Ораздының кәрісі қартайғанда қазына болады, Шиырлының кәрісі қартайғанда қазымыр болады» дегендей, - жасында бейнетті көре білген бүгінгі зейнет иесі Жайсаң ақсақал – қазыналы қартымыз. «Жақсы адам қартайса, жазып қойған хаттай» деген тұжырым осы Жайсаң ақсақалға қарата айтылғандай. Жүрген жері берекелі Жайсаң ақсақалдың өлкетану, мәдениеттану, тұлғатану бағытындағы жинақтары – зор табандылықтың арқасында көз майын тауыса отырып, зерде сүзгісінен өткізіле әзірленген бірегей тәжірибелік пайымды түйіндері, тіпті, бір кісінің мың кісіге салған олжасы дерлік дүниелер.

«Есік алды төбе болса, ерттеп қойған атпен тең, Ауылда бір қария болса, жазып қойған хатпен тең» деген де дана қазақ. «Жастың тілегі, қарттың батасы қабыл» демекші, сөз соңында ақ сақалды Жайсаң атамызға күйлі, ел жұртыңызға сыйлы болғайсыз, немере, шөбере, шөпшек көрген тоқсан отаулы үйлі бола бергейсіз, түніңіз тыныш болғай, үйіңізге ырыс толғай демекпіз!

**Абам ҚЫДЫРШАЕВ,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының  
академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар  
академиясының академигі

# «Бәріміз біріміз үшін»

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде студенттерге арналған «Бәріміз біріміз үшін» атты тимбилдинг өтті. Іс-шараның басты мақсаты — студенттер арасында өзара сенім мен қолдауды арттырып, командалық рухты күшейту.



Қатысушылар түрлі интерактивті жаттығулар мен психологиялық ойындар арқылы эмоциялық сергіп, жағымды энергияға бөленді. Әрбір тапсырма бірлікке, жауапкершілікке және ортақ мақсатқа бірге жетудің маңызын ұғындыруға бағытталды. Тимбилдинг барысында студенттер өздерін еркін сезініп, бір-бірін тыңдауды,

қолдауды және ынтымақтастықта жұмыс істеуді үйренді. Күлкіге, шабытқа және жаңа әсерлерге толы бұл кездесу көпшіліктің жүрегінде жарқын естелік болып қалды.

**Гүлзамира ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,**  
М. Өтемісов атындағы БҚУ Жастар ісі жөніндегі комитеттің психолог маманы

В Западно-Казахстанском университете имени Махамбета Утемисова состоялась встреча студентов с психологом. Мероприятие было направлено на повышение психологической культуры обучающихся, развитие навыков самопонимания и формирование устойчивых стратегий личностного роста. В ходе встречи были затронуты актуальные вопросы эмоционального благополучия, управления стрессом, преодоления внутренних барьеров и гармоничного развития личности в условиях современной образовательной среды.

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ВЕКТОР: путь к самопознанию и личностному развитию



## Есірткі қылмыстарының алдын алу мақсатында деректі фильм көрсетілді

Махамбет университетінде Мәдениет және өнер факультетінің студенттері арасында құқықбұзушылықтың, оның ішінде есірткі қылмыстарының алдын алу мақсатында арнайы профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара аясында студенттерге «Закладчики. Расплата» және «Закладчики. Мать» атты деректі фильмдер көрсетілді. Фильмдерде есірткі тасымалдау мен таратудың салдары, заңсыз әрекеттерге барған жастардың тағдыры, олардың өздеріне, отбасына және қоғамға тигізетін ауыр зардаптары нақты өмірлік мысалдар арқылы баяндалады. Көрсетілім барысында студенттер есірткі қылмыстары үшін көзделген қылмыстық жауапкершілік, заң алдындағы міндеттер және құқықтық мәдениеттің маңыздылығы жөнінде кең көлемде ақпарат алды. Фильмдер жастардың санасына ой салып, заңға қайшы әрекеттерден сақтандыруға бағытталған тәрбиелік мәнімен ерекшеленді.



Есірткіге "жоқ" де!

**Р.Ж.КУАНШАЛИЕВА,**  
Мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

В формате открытого диалога участники обсудили распространённые психологические трудности, с которыми сталкиваются студенты в академической и повседневной жизни. Психолог представил практико-ориентированные рекомендации, подкреплённые наглядными примерами, что сделало обсуждение особенно прикладным и полезным. Встреча стала важной площадкой для осмысленного разговора о внутреннем ресурсе личности, саморегуляции и психологической устойчивости, способствуя формированию осознанного отношения к собственному развитию и ментальному здоровью.

**Гүлзамира ТУЛЕГЕНОВНА,**  
психолог комитета по делам молодежи ЗКУ

## Республикалық додадағы жоғары нәтиже

Ақпан айының 14–15 күндері Қостанай қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ-де «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында «BAITURSYNULY CUP – XX» республикалық дебат турнирі өтті.

Турнирге университетіміздің «Ақиқат» ЖҚБ ПО мүшелері қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша «Жастар алаңы» номинациясының және 50 000 теңге сертификаттың иегері «World Dream» фракциясы (Аслан Альбаев, Бейбарыс Жанғалиев) атанды. «Үздік спикер» атағы мен 10 000 теңге сертификаты Талапова Дильназға табысталды. Сонымен қатар «Негізгі алаң» жеңімпазы болып, 50 000 теңге сертификатқа «14» фракциясы (Дильназ Талапова, Ақбота Ширмедін) ие болды.



Кейде университеттің дәліздерімен асығып бара жатып, «осы төрт жыл қалай өтеді екен?» деп ойлаймын. Студент болу сырт көзге жай ғана сабақ, емтихан, диплом сияқты көрінуі мүмкін, бірақ шын мәнінде бұл – адамның ішкі өзгерісі. Университетке алғаш келген кездегі мен мен бүгінгі меннің арасында үлкен айырмашылық бар. Бұрын көп нәрседен қысылатын едім, ал қазір жауапкершілікті де, сахнаны да, жаңа мүмкіндіктерді де қорықпай қабылдай аламын, себебі университет маған тек білім емес, батылдық берді. Іс-шара алдында толқып тұрып, соңында бәрі сәтті өткендегі сезім – ерекше, оны сөзбен жеткізу қиын. Ұйқысыз дайындықтар, шаршаған күндер, бірақ соған қарамастан тоқтамау – осының бәрі мені шыңдады. Студенттік өмірдің ең құндысы – адамдар деп ойлаймын, арманы бар, мақсаты айқын, ізденістегі жандардың ортасында сен де еріксіз өсесің. Біреу ғылыми жоба қорғап жүреді, біреу дебатта ойын дәлелдейді, біреу сахнада өнер көрсетеді, ал сен олардың жанында тұрып өзіңнің де көп нәрсеге қабілетті екеніңді түсінесің. Әрине, бәрі тек әдемі сәттерден тұрмайды, сессия алдындағы қобалжу, дедлайн, шаршау – бәрі бар, бірақ дәл осы қиындықтар бізді мықты етеді. Кейін уақыт өткенде біз шаршағанымызды емес, бірге күлгенімізді, бірге уайымдағанымызды, бірге жеңгенімізді еске аламыз. Мен университетімді де, өз факультетімді де ерекше жақсы көремін, себебі дәл осы орта мені тәрбиеледі, маған сенім берді, қанат қақтырып, алға жетеледі. Университет – мен үшін жай ғана білім ордасы емес, бұл – өзімді таныған, өзімді сынаған, кейде қателесіп, қайта тұрған кезеңім. Студент болу – тек диплом алу емес, бұл – өзіңді табу жолы.

Сезім САБЫР,  
ИЯ-35 студенті

## «Тек диплом емес, үлкен өмір сабағы»



## ӘМБЕБАП ӘДІСТЕМЕШІ

Ұлт тарихында ұлттық тілді оқытуға небір құнды дүниелер арналды. Әдістемелік практикалық тұрғыдан негіздеп, жетілдіру ісінде «тұңғыш» сөзіне лайық «Дала қоңырауы» атанған алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» еңбегімен, 14 жыл бала оқыту ісінің арқасында тілді оқытудың ғылыми негізін, жүйесін жасаған ұлттың ұлы ұстазы Ахаңның

«Баяншы» еңбегімен тарихта есімі мәңгі қалды. Аталмыш еңбектерді өзінің ұстаздық сара жолында, білімгерлерді оқыту ісінде жанкештілікпен пайдаланып, тәжірибесінен алыпқосары болса, біріздендіріп, қолданбалы ғылымның қазіргі теориясын практикамен ұштастырып, әдіскер А. Әбілқабов, Б.Құлмағамбетова, А.Айғабылұлы, Б.Кәтінбаева, М.Дүйсебаева, Х. Арғынов т. б. ғалымдардың әдістемелік еңбектерін ұтымды қолданып, жалпы орта білім беретін мектептерге арналған үлгілік оқу бағдарламасымен үйлесімді үндестігін тауып педагог-тағылымдамашы мамандарға оқу құралын жазған Ернар Жақыптегінің қазақ тілін оқытудағы тиімді әдістемесін, әсіресе тілдік фактілерді ұғындырудағы, сабақты ұйымдастыру мен өткізудегі әмбебап әдіскерлігін тілге тиек етпеске болмас.

3 жыл колледж қабырғасында білім ала жүріп, педагогикалық машықта теориядан әдістеме шығарып, әдістерді үйлестіре қолданатын әріптесімнің әр сабағы құрылымды өтеді. Дәріс жүргізгенде көз алдыма совет үкіметі кезіндегі мұғалімнің бейнесі елестейді. Бірақ бұл әдістемеші әріптесімнің елден еректігі деп білемін. Әманды озат педагогикалық тәжірибені зерттей жүріп, тәжірибелі ұстаздардың қай ісінен болмасын үйренерін үйреніп, шығармашылық байланыста болып әдістемелік қоржынын толықтырып отырды. Жалындаған жиырмасында еңбегінің нәтижесі ретінде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегі жарық көрді. Оқулық кәсіптік білім беру ұйымының «Қазақ тілі мен әдебиеті» біліктілігі бойынша оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әзірленді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері мен тарихи даму жолынан бастап, оқу жұмысын ұйымдастырудың инновациялық жолдарын, тілдің жекеленген фонетика, лексика салаларын оқытудың тиімді жолдарын дәріс етіп, ғылыми дәлдікте бере алған. Әр дәріс соңында студенттердің білімін бекіту мен қолдану дағдысына түрлі интерактивті сұрақтар мен тапсырмалар жасақталған.

Ортамыздан оза шауып, көп мұғалімнің тісі бата қоймайтын әдістеме ғылымына Ернар бауырымның келуі көңіл қуантады. Әлі де соны жаңалыққа толы тың дүниелер жазылады деген үміттемін.

Ұстаздық ұлы қызметте ұпайың түгелденіп, белең бекемденіп білімнің биігіне өрмелей бер!

Жанболат АСҚАРОВ,  
ҚТӘ(ІР) – 11(3) тобының студенті

### Құрметті, М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың студенттері, магистранттары және профессор-оқытушылар құрамы!

Университетімізде әрбір жанға кәсіби көмек, жылы ықылас пен түсіністік көрсететін психологиялық қолдау қызметі жұмыс істейді. Егер өзіңізді шаршаңқы сезінсеңіз, ішкі тепе-теңдікті қалпына келтіргіңіз келсе, мазалаған ойларыңызды тарқатып алғыңыз келсе немесе жай ғана сыр бөліскіңіз келсе — мамандар сізді әрдайым тыңдап, қолдауға дайын.

Менталдық саулық — табысты оқу мен нәтижелі еңбектің маңызды бөлігі. Біз сіздің өзіңізді сенімді, сабырлы әрі көтеріңкі көңіл-күйде сезінуіңіз үшін әрдайым жаныңыздан табыламыз. Бірге біз сенімге, қолдауға және үйлесімге толы орта қалыптастырамыз.

**Толығырық ақпарат алу үшін + 7(7112) 51-15-03 нөмірі арқылы байланысыңыз не болмаса Назарбаев даңғылы 162, 213 кабинетке жүгініңіз.**



### Уважаемые студенты, магистранты и профессорско-преподавательский состав ЗКУ им. М. Утемисова!

В нашем университете действует служба психологической поддержки, где каждый может получить профессиональную помощь, тёплое внимание и понимание. Если вы чувствуете усталость, хотите восстановить внутренний баланс, разобраться в переживаниях или просто поделиться тем, что на душе — специалисты всегда готовы вас выслушать и поддержать.

Забота о ментальном благополучии — важная составляющая успешной учёбы и продуктивной работы. Мы рядом, чтобы помочь вам сохранить уверенность, спокойствие и позитивный настрой. Вместе мы создаём атмосферу доверия, поддержки и гармонии.

**Вы можете обратиться по номеру +7(7112) 51-15-03 либо по адресу пр. Назарбаева 162, 213 кабинет**



2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издаётся с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.  
Ахмет Байтұрсынұлы**ЖУРНАЛИСТ**

№2 (88), ақпан 2026 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы



■ Абай - ақыл дариясы

**Абайдың «Толық адам» ілімі - тұлға баулу жолының темірқазығы**

Қазақтың қайталанбас ойшылы Абай сынды данышпаны өз тұсында: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген түйінге келген-ді. Біле білсек, Абай ғұламаның тұлға баулу жолына темірқазық болар қаншама осы іспетті саф алтын тұжырымдары бары кім-кімді де қайран қалдырары сөзсіз. Тек саналы түрде үңіле білгейсіз!.. 2026 жылы ақпан айының 20-сы күні университетімізде «Абайдың «Толық адам» ілімі: білім-ғылым жолы, адамдық-кісілік жолы, өзін-өзі тану, қалыптастыру жолы, игеру қағидалары» тақырыбында Алқалы мәжіліс өткізілді. Алқалы кеңеске Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы** модераторлық жасады. Алқалы мәжіліс «Абайдың «Толық адам» ілімі - студент жастардың білім-ғылымға ұмтылу болмысын баптау жолы» тақырыбындағы университет ректоры, профессор, Қазақстан Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты **Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлының** алғы сөзімен ашылды.

Алқа мәжілісінде абайтану және тұлға баулу мәселелеріне қатысты бірқатар тақырыптық баяндамалар жасалды. Олар - университеттің Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры **Сүлейменов Мерген Қуанышұлының** «Абайдың «Толық адам» ілімі - жас тұлғаның даму, қалыптасу жолы», Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының** «Шығыстық дүниетанымдық дәстүр: «Шығыс ойшылы Абай ақыл, қайрат, жүрек және ғылым туралы», тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері **Жақсығалиев Жаңабек Жаңабайұлының** «Абайдың «Толық адам» ілімі» («Тектілік» феномені негізінде), Батыс Қазақстан облысы Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары **Хамза Рақымжан Орынбайұлының** «Абайдың «Толық адам» ілімі – тұлғаның өзін-өзі тану жолы» («Білім-инновация» мектеп-лицейінің тәжірибесі бойынша), Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері **Сағитов Ақылбек Темірболатұлының** «Абайдың «Толық адам» ілімі-адамдық, кісілік жолы», саясаттанушы **Шайхиев Тұрар Төлегенұлының** «Абайдың «Толық адам» ілімі - қазақтың бірлігі жолы, өркениеттің жалынан ұстайтын қол қалыптастыратын жол», университет психологы **Төлегенқызы Гүлзамираның** «Абайдың «Толық адам» ілімі - ойшылдың өзі сыни көзбен қараған қазақтың бойындағы кемшілікті болдырмаудың жолы», филология факультетінің III курс студенті, Қоғамдық даму департаментінің әдіскері **Марселова Аяулым Асланқызының** «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны: тәрбие, ізгілік мәселесінің ұлттық құндылықтық мәні», филология факультетінің III курс студенті, Қоғамдық даму департаментінің әдіскері **Сейітжанова Жанайна Мадиярқызының** «Әбу Насыр әл-Фараби адал азамат тұлғасы туралы» тақырыптарындағы құнды ойларға толы баяндамалар...

Алқа мәжілісінің пікіралмасу сәтінде өңірімізге



белгілі қоғам қайраткері, құрметті зейнеткер, еңбек ардагері **Бірманов Нұрлыбек Шайдоллаұлы** мен БҚО Ақжайық ауданының құрметті азаматы, Орал қалалық ақсақалдар кеңесінің мүшесі, өлкетанушы **Мұхаммед-Керейтегі Әленғали Ұлықпанұлы** ағаларымыз сөз алып, күн тәртібіндегі өзекті мәселеге орай өз ойларын ортаға салды. Алқа мәжілісіне қатысушылар ортақ түйінге де келе білді. Сондай-ақ осы күні «Абайдың «Толық адам» ілімі – тұлға баулу жолының темірқазығы» тақырыбында университеттің Ғылыми кітапханасының директоры **Әлімбекерова Тоты**

**Еркінқызының** басшылығымен кең көлемді көрме жасақталып, ұсынылған материалдарды Оқырмандар сұранысын қамту бөлімінің меңгерушісі **Нұрғалиева Садап Сүйесінқызы** ұтымды таныстыра білді. Алқа мәжілісі барысында жасалған талдаулардың түйіні - Абайдың «Толық адам» ілімі – ізгілікті кемел тұлға қалыптастыру негізі. Ал біздің түйіндеуімізше, кемел адам – обал мен сауапты, жақсы мен жаманды, пайда мен зиянның парқын білетін парасат-пайым иесі. Ол – күнделікті ұсақ-түйек оқиғалардан өзін жоғары қоя білетін кісілігі ірі тұлға. Ол – оқиғаның астарына үңіліп, әрбір жағдайды терең сараптай білетін, заман ағысын жақсы бағамдайтын сұңғыла адам. Кемел



адам – өз ісінің шебері. Нәпақасын адал жолмен, маңдай терімен табады. Масылдықты ұят санайды, қол қусыруды ар көреді, намысын биік ұстайды. Тапқанын көппен бөлісе алатын мәрт мінезді жомарт жан... Осы іспетті сериалды ой-пікірлер алқалы кеңеске қатысқан әрбір тыңдаушының кеудесінде түйінделгендей ойға қалдық... *Лайым солай болғай!*

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**  
Қоғамдық даму департаментінің директоры  
**Аяулым МАРСЕЛОВА,**  
Қоғамдық даму департаментінің әдіскері

# БҚУ-да «Денсаулық» спартакиадасы өтті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасы ұйымдастырылды. Аталған спорттық шараға университеттің 1-4 курс аралығындағы студенттері қатысып, жалпы саны 600-ге жуық жас бір ай бойы спорттың он бір түрінен бақ сынады. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, биылғы спартакиада жоғары деңгейде өтіп, қатысушылардың дайындық көрсеткіші мен жеңіске деген жігері айрықша байқалған. Шараның негізгі мақсаты – студент жастардың спортқа қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Спартакиада аясында шағын футбол, волейбол, арқан тарту секілді командалық ойындармен қатар шахмат, дойбы, шаңғы эстафетасы сияқты зияткерлік және жеке спорт түрлері қамтылды. Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтижеге қол жеткізген факультеттер анықталды. Үшінші орын Тарих, экономика және құқық факультетіне бұйырса, екінші орынды Филология факультеті иеленді. Ал студенттер арасындағы «Денсаулық» спартакиадасының жеңімпазы атанып, бірінші орынды Физика-математика факультеті қанжығасына байлады. Сондай-ақ жекелей сындарда үздік нәтиже көрсеткен студенттер арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Денсаулық» спартакиадасының қорытынды кестесі:



Факультет	Волейбол (Қыз)	Волейбол (Ұл)	Шахмат	Стритбол (қыз)	Баскетбол (ұл)	Дойбы	Шаңғы	Шағын футбол (Қыз)	Шағын футбол (Ұл)	Үстел теннисі	Арқан тартыс	Ұлай	Орын
Физика-математика факультеті	2	3	2	4	1	5	3	5	2	1	3	31	I
Филология факультеті	4	4	3	1	4	1	4	1	5	3	5	35	II
Тарих, экономика және құқық факультеті	3	6	1	6	3	6	2	2	1	4	2	36	III
Педагогика факультеті	5	5	5	2	2	3	1	3	4	5	1	36	IV
Жаратылыстану-география факультеті	1	2	4	3	6	2	Қатыспады +10	4	3	2	4	41	V
Мәдениет және өнер факультеті	6	1	6	5	5	4	5	6	6	6	6	56	VI



## СЕНБІЛІК АҚЦИЯСЫ ӨТТІ

Махамбет жастары «Таза Қазақстан – саналы қоғам таңдауы» атты сенбілік акциясы аясында игі іс-шара ұйымдастырды. Аталған шараға Жаратылыстану-география және Филология факультеттерінің студенттері бірлесе қатысып, қоғамға пайдалы еңбек өтті. Сенбілік барысында қатысушылар ардагерлер үйіне арнайы барып, аула аумағын қардан тазалау жұмыстарын жүргізді.

Қыс мезгіліндегі қалың қар қозғалысқа кедергі келтіретіндіктен, бұл жұмыс ардагерлер үшін аса маңызды болды. Студенттер ауызбіршілік пен ұйымшылдық танытып, белгіленген аумақты толықтай қардан тазалап шықты. Іс-шараның негізгі мақсаты — тазалық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау және аға буынға құрмет көрсету. Сонымен қатар сенбілік жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, еріктілік қызметтің маңыздылығын насихаттауға бағытталды. «Таза Қазақстан» акциясы – саналы қоғам қалыптастыруға жасалған нақты қадамдардың бірі.



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
**М.Өтемісов атындағы**  
**Батыс Қазақстан**  
**университеті.**  
 Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.  
 ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.  
 Таралымы 800. Тапсырыс № 55

**РЕДАКТОР:** Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ  
**ТІЛШІЛЕР:**  
 Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,  
 Айяру БЕЙБИТҚЫЗЫ  
**БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:**  
 Асель АБДУЛЛИНА

**ФОТОСУРЕТ:**  
 Қоғаммен байланыс және имидждік саясат бөлімі  
 Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.  
 «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.  
 Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.  
 тел.: 50-51-48, 51-41-99